

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1287 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған сүректі босату ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 мамырдағы N 752 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 19, 215-құжат);

2) "Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкаларын, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 431 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 110-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 ақпандағы N 199 және 1995 жылғы 29 мамырдағы N 752 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 358 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 17, 170-құжат).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1287 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату ережесі (бұдан әрі - Ереже) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді және басқа ағаш кесуді жүргізу үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі босатудың тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік орман қорына кіретін, бірақ темір жолдардың, автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және осы объектілерді қолайсыз табиғат құбылыстарынан қорғауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, шу әсерін азайтуға арналған басқа желілік құрылыстардың белдеулерінде орналасқан орман екпелері үшін осы Ереже өздерінің қорғаныш функцияларын және оларды пайдаланудың белгіленген тәртібін орындау үшін осы екпелердің мақсаты ескеріле отырып қолданылады.

3. Шекаралық аймақтарда орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босату кезінде осы Ереже Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдаланудың ерекшеліктері ескеріле отырып қолданылады.

4. Ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және өзге де ағаш кесу тәртібімен сүректі босату осы Ережеге, ағаш кесу ережесіне, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге және орман шаруашылығын жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар ормандарында және басқа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда осы Ереже осы аймақтардың режиміне, орман шаруашылығын жүргізудің және ормандарды пайдаланудың орман заңнамасымен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамамен белгіленген тәртібіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

6. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату толысқан және қураған екпелерде жүзеге асырылады, бұл орайда бірінші кезекте, ағаш кесудің жоспарына қарамастан, өздерінің жай-күйіне қарай (өрт, жел, жауын-шашын, орман зиянкестері, ластайтын заттардың қалдықтары (тастандылары), басқа да қолайсыз әсер етулер салдарынан бүлінген) кесу талап етілетін екпелерді, өткен жылдардан кесілмей қалған ағашты, сөлі алынған сүректіңдерді кесу белгіленеді.

7. Аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу (сирексіту, тазарту, сирету, өтпелік кесу), санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесу, қайта жаңарту үшін ағаш кесу және құндылығы аз сүректіңдерді кесуге байланысты өзге де ағаш кесулер, сондай-ақ қорғаныштық, судан қорғау және басқа функцияларын жоғалта бастаған екпелерді кесу, жас шоғырларындағы жекелеген ағаштарды кесу кезінде жүзеге асырылады.

8. Басқа да ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату үй және құрылыс салу, су тораптарының (су қоймаларымен толтырылатын аймақтарды қоса алғанда), құбырлар, жолдар, байланыс және электр беру желілерін салу және пайдалану үшін орман жерлерін тазарту жүргізген, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде және орман жерлерін орман емес жерлерге белгіленген тәртіппен көшіруге байланысты өзге де жағдайларда, сондай-ақ орман соқпағын салу өртке қарсы ор қазу, орман өсіру, өртке қарсы, орман-мелиоративтік және басқа орман шаруашылық жұмыстарын жүргізу, санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу, жойылуға тиіс қоқыстарды жинау кезінде жүзеге асырылады.

9. Уақытша орман тұқымдық учаскелер ретінде бөлінген екпелерді орман сүректі ағаштарының тұқымдарын даярлау мақсатында бітік шыққан жылдарда ғана кесуге жол беріледі. Ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде уақытша орман тұқымдық учаскелерін бөлу шартта көзделген жағдайларда жүргізіледі.

10. Сүрек даярлауға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану мерзіміне қарамастан, ағаш кесу билеттері бойынша ғана рұқсат етіледі.

Ағаш кесу билетін мемлекеттік орман иеленуші нақты кеспеағаш аймағына жыл сайын береді және ол орман пайдаланушыға сүректі белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде даярлау мен әкетуді жүзеге асыруға құқық беретін құжат болып табылады.

11. Ағаш кесудің барлық түрлері жағдайында кеспеағаш аймағын әзірлеу технологиялық карталар бойынша жүргізіледі, онсыз ағаш кесу билеттері берілмейді.

12. Өсіп тұрған күйінде босатылатын сүрек үшін төлемақы сомасын есептеудің және төлеудің тәртібі «Салық және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 507-бабына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Заңсыз дайындалған, соның ішінде мемлекеттік орман қоры учаскесін пайдалану құқығын тоқтата тұру немесе тоқтату және ағаш кесу билетінің қолданылуын тоқтату туралы шешім шығарылғаннан кейін орман пайдаланушылар дайындаған, белгіленген мерзімдері өткеннен кейін әкетілмеген сүректі мемлекеттік орман иеленуші алады. Алынған сүректі сату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

14. Сүректі даярлау кезінде орман пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 38-бабымен көзделген талаптар, сондай-ақ мынадай талаптар қойылады:

1) сүрек дайындауға ағаш кесу билетін алғаннан кейін ғана кірісу;
2) өзендер мен жылғалардың арнасын ағызу, сондай-ақ ағашты сүйрету және ағаш тасу жолы ретінде пайдалануға жол бермеу;

3) қар жоқ кезеңде ағаштарды кесу мен кесінді қалдықтарынан алаңды тазарту арасындағы алшақтықтың 15 күннен асуына жол бермей, кеспеағаш аймағын тазалау сондай-ақ орманда өрт қаупі бар кезең басталғанға дейін қысқы кеспеағаш аймағын тазалау;

4) ағаш кесу және жол бойын тазалау, орман қоймаларын орналастыру, құрылыстар салу кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін ластауға, сондай-ақ кесілген күйі салбырап қалған ағаштарды және үйінділерді қалдыруға жол бермеу;

5) тұқымдық, артықшылығы бар және басқа да кесілуге жатпайтын ағаштардың, өскіндердің кеспеағаш аймағына іргелес жатқан әрбір жағынан алғандағы ені 50 метр белдеулердегі екпелердің сақталуын, сондай-ақ орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің, ағаштар мен түбірлердегі жапсырмалардың бүтіндігін қамтамасыз ету;

6) сүректі әкеткен және өзге жүктерді тасымалдаған кезде жолдарды, көпірлерді және орман соқпағын, сондай-ақ құрғату тораптарын, жол, гидро-мелиоративтік және басқа құрылыстарды, суағарларды, жылғаларды, өзендерді сақтау және олар бұзылған жағдайда өз есебінен тиісті жай-күйіне келтіру.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі босатудың шарттары мен тәртібі

15. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босатудың жыл сайынғы мөлшеріне орман орналастыру жобаларына, ағаш кесу жоспарларына, құрылыс объектілері үшін орман алаңдарын тазалау жөніндегі жобаларға, жаппай санитарлық ағаш кесуді жүргізуге арналған рұқсаттарға сәйкес белгіленген басты мақсатта пайдалану үшін (кеспеағаш қоры), аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің, өзге де ағаш кесулердің жыл сайынғы көлемі кіреді және оны уәкілетті орган бекітеді.

16. Мемлекеттік орман иеленушілер ұзақ мерзімді орман пайдалануға құқығы бар орман пайдаланушылардың өтінімдері негізінде, оларға аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен өзге де ағаш кесуге арналған өздерінің өтінімдерін енгізе отырып, өсіп тұрған сүректі жыл сайын босатуға жиынтық материалдар қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өсіп тұрған сүректі босатудың жыл сайынғы мөлшерін белгілеудің, кеспеағаш аймағын әзірлеу үшін даярлық жұмыстарын жүргізудің, ағаш кесілген орындар мен даярланған сүректі куәландырудың тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

17. Мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесу жүргізуге арналған кеспеағаш аймағын бөлу мен оны материалдық-ақшалай бағалауды орман орналастыру жобасына, ағаш кесу жоспарына сәйкес, сондай-ақ кеспеағаш аймағы ағаш кесуге түсуден бір жыл бұрын жергілікті халықтың отындық сүрекке деген қажеттерін е с к е р е о т ы р ы п ж ү р г і з е д і .

Кеспеағаш аймағын бөліп беру мен мөлшерлеуді мемлекеттік орман иеленушілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 1512 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаштарды бөліп беру мен мөлшерлеу қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.07 № 305 Қаулысымен.

3. Сүректі даярлаудың, әкетудің және мерзімді кейінге қалдырудың мерзімдері мен тәртібі

18. Сүрек даярлаудың мерзімі кеспеағаш аймағында ағаш кесу белгіленген жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығында деп, ал әкету мерзімі - келесі жылдың 1 мамырына дейін болып белгіленеді. Сүректі даярлау мен әкетудің мерзімдері ағаш кесу билетінде көрсетіледі.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға онда орман иеленушімен келісілген кеспеағаштар дайындауға технологиялық карталар болған жағдайда уәкілетті

орган сүректі дайындау көлемін бекіткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Орман пайдаланушылар жыл сайын 15 қаңтардан кешіктірмей, мемлекеттік орман иеленушілерге, ұзақ мерзімді пайдалану шартына сәйкес ағаш кесу жүргізілген алаң және даярланған сүректің мөлшері, соның ішінде өткен жылғы іске жарамдылары (1 қаңтардағы жағдай бойынша) туралы, сондай-ақ әрбір ағаш кесу билеті бойынша (кеспеағаш) ағаш кесу аяқталмаған кеспеағаш аймағында өсіп тұрған сүректің алаңы мен кейінге қалдырылатын қалдықтары туралы жазбаша мәлімет ұсынады.

Мәлімет ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік орман иеленуші мұнан кейінгі ағаш кесу билеттерін беруді тоқтата тұрады.

20. Өсіп тұрған сүректі ағаштың алаңын және кесуге белгіленген санын ескере отырып босату кезінде сүректі оны даярлаумен бір мезгілде әкетуге р ұ қ с а т е т і л е д і .

Өсіп тұрған сүректі даярланған сүректің санын ескере отырып босату кезінде оны ағаш кесу билетінде көрсетілген уақытша орман қоймасына әкелуге ғана жол беріледі. Бұл сүректі әкетуге даярланған сүректің мөлшері куәландырылғаннан кейін рұқсат етіледі.

Сүректің өрт салдарынан бүлінген екпелерден даярланған санын ескере отырып, сондай-ақ боран сындыру мен жел құлатудан әзірлеу есебінен босату кезінде осы сүректерді есепке алу ұйымдастырылған жағдайда ғана оларды ә к е т у г е р ұ қ с а т е т і л е д і .

Егер олар темір жол мен тас жолдардың маңында орналасқан қоймаларға, қайта өңдеуге арналған қондырғыларға және құрылғыларға, сондай-ақ мемлекеттік орман иеленушімен келісілген және ағаш кесу билеттерінде көрсетілген орындарда орналастырылған жыл бойы жұмыс істейтін ағаш тасымалданатын жолдардағы аралық қоймаларға әкелінсе, сүрек ағаш кесетін жерден әкетілген деп есептеледі.

21. Су тораптарын, құбырлар, жолдар, байланыс және электр беру желілерін салуға, карьерлер әзірлеу мен пайдалы қазбалар өндіруге байланысты тазартылуға тиіс алаңдарда сүректі босату, сондай-ақ орман алаңдарын орман емес жерлерге көшіруге байланысты өзге де жағдайларда ағаш кесу, жобалау құжаттамаларында осы жұмыстарды жүргізу үшін белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Ағаш кесу билеттері бұл орайда ағымдағы жылда игеру көзделген сүрек мөлшеріне жыл ішінде жазылады.

22. Мемлекеттік орман иеленушілер дайындаған сүректі әкету мерзімдері олар күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді және санитарлық ағаш кесуді жүргізген кезде ағаш кесу билеттерінде көзделмейді. Осы сүректі, сондай-ақ

мемлекеттік орман иеленушілер иелігіне түсетін сүректі (ағаш дайындаушылар белгіленген мерзімде алып кетпеген иесіз және заңсыз кесілген) әкету мерзімдерін осындай сүректің мөлшеріне, әкету маусымына, тасымалдау жолдары мен басқа да жағдайларға байланысты мемлекеттік орман иеленушілер белгілейді.

23. Кесу басталған және белгіленген мерзімде аяқталмаған ағаш кесетін жерлер болған жағдайда, сондай-ақ дайындалған, бірақ мерзімінде әкетілмеген сүрек орманда қалдырылған жағдайда орман пайдаланушы осы жұмыстарды жүргізуді 5 айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырады.

Мемлекеттік орман иеленуші орман пайдаланушының жазбаша өтініші бойынша мерзімді кейінге қалдырады, ол сүректі дайындау мен әкетудің белгіленген мерзімінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Сүрек дайындаудың мерзімі кейінге қалдырылған кезде орман пайдаланушыдан белгіленген тәртіппен өсіп тұрған босатылатын сүрекке төлемнің базалық ставкаларына сәйкес есептелген өсіп тұрған сүрек құнының айына 1,5 пайызы мөлшерінде өсімақы алынады.

Сүректі әкету мерзімі кейінге қалдырылған кезде орман пайдаланушылар белгіленген тәртіппен мерзімі кейінге қалдырылған әрбір ай үшін мерзімінде әкетілмеген сүрек көлемін есепке ала отырып, өсіп тұрған сүректі босату төлемінің базалық ставкалары бойынша оның құнының 4,5 пайыз мөлшерінде есептелетін өсімақы төлейді.

Мемлекеттік орман иеленушілер орман пайдаланушының өтінімінде көрсетілген мөлшерге кесілмей қалған және әкетілмеген сүректің сәйкес келуіне бақылау тексеруін жүргізеді.

Мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесу билеттеріне кесу мерзімін кейінге қалдыру туралы белгі соғады.

Мемлекеттік орман иеленушілер орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу және санитарлық мақсатта ағаш кесу тәртібімен дайындайтын және мемлекеттік орман иеленуші франко-кеспеағаш шартымен сататын сүректі тасып әкетуге тұтынушыларға дәл осы тәртіппен кейінге қалдыру уақыты беріледі.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.